

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



**«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ
22-сәуір, 2022 ж.**

СБОРНИК

**материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»
22-апреля, 2022 г.**

COLLECTION

**of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»
22-April, 2022 y.**

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

кәсіби мәнділік тұрғысынан бағалау және талдау, кәсіби мәдениетті тарату қабілетін белгілейді. Жақсы мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі деп есептеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
2. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
4. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
5. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б
6. Глинский, А.А. Құзыреттілік көзқарасқа негізделген жалпы мектептік әдістемелік қызметтің қызметі / А.А.Глинский // Мансаптық білім. – 2009. – № 5.
7. Добриневская, А.И. Инновациялық мектептер – инновациялық менеджмент / А.И. Добриневская // Оқу және оқу орындары. – 2008. – № 6.
8. Касяник, Е.Л.Маманның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру: теориялық-әдістемелік аспект / Е.Л.Касяник, Е.И. - 2009. - № 2.
9. Болон процесі: жоғары білімнің еуропалық жүйелерінің ортақтығын іздеу (TUNING жобасы) / Ред. Байденко В.И. М., 2006. - 210 б.
10. Зимняя, И.А. Негізгі құзыреттер білім берудегі құзіреттілікке негізделген тәсілдің нәтиже-мақсатты негізі ретінде / И.А.Зимняя. – М., 2010. – 381 б.
11. Морева Н.А. Кәсіптік білім беру технологиялары: оқу құралы. студенттерге арналған жәрдемақы. жоғарырақ оқулық мекемелер / Н.А.Морева. - 3-бас., өшірілген. - М. : «Академия» баспасы, 2009.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӨЗЕКТІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Темирбаева А.С.

2-курс магистранты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Байсарина С.С.

П.ғ.к., доцент, РЖҒА - ның профессоры

tem.a.85@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос модернизации процесса формирования профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов, основные тенденции развития педагогического образования, а также тенденции организации и реализации педагогического образования в мире. Был проведен анализ соответствующих законов, нормативно-правовых актов, которые являются основой для подготовки специалистов и формирования их профессиональных компетенций. Кроме того, был рассмотрен имеющийся опыт высших учебных заведений по подготовке педагогов-психологов и ряд компетенций, выделенных в действующей образовательной программе.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, тенденция, компетенция, профессиональный стандарт, тренды образования.

Abstract. This article discusses the issue of modernization of the process of formation of professional competence of future teachers-psychologists, the main trends in the development of teacher education, as well as trends in the organization and implementation of teacher education in the world. An analysis of the relevant laws and regulations in the country, which are the basis for the training of specialists, the formation of professional competencies. In addition, the existing experience of higher education institutions in the training of teachers and psychologists and a number of competencies identified in the current educational program were considered.

Key words: professional competence, tendency, competence, professional standard, education trends.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес 21 ғасырдың жоғары сапалы және сұранысқа ие дағдылары бар адами капиталды дамыту бірінші кезектегі міндет болып табылады ... Жаңа заман құзыреттері үздіксіз дамуға үйрену және қажетті дағдыларды меңгеруге дайын болуды қамтиды. Жұмыс уақытын тиімді пайдаланатын, технологиялар мен білімді қолдана алатын, процестерді жетілдіретін және инновациялар енгізе алатын құзыретті кадрларсыз технологиялық жаңарту мен цифрландыру мүмкін емес. [1]

Осы орайда, заман талабына сай мамандық бойынша білім алып, ЖОО-ның бітіру - түлек үшін үлкен жетістік. Алайда бітіріп шыққан сол түлекті ары қарай жұмысқа орналастыру қашан да кез келген жоғары оқу орнының басты міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Мемлекет тарапынан жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оларды қажетті еңбек дағдыларымен қамтамасыз ету мақсатында өнімді жұмыспен қамтуды дамыту бойынша көптеген түрлі бағдарламалар, жобалар, жастар тәжірибелері жүзеге асырылуда. Сондай-ақ құқықтық жағынан бұл міндет білім туралы заңға сәйкес шешімін табады. Мұнда мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық мамандықтарға оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын аяқтағаннан кейінгі жылдары білім беру ұйымдарында кемінде үш жыл жұмыс істеуге міндетті.

Жоғары оқу орындары түлектерінің еңбек нарығындағы тартымдылығы мен сұранысқа ие болуы көптеген факторларға байланысты. Солардың арасында маңыздыларының бірі - болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Бұл мәселені шешу үшін ЖОО-дары білім беру және оқыту бағдарламаларын әзірлейді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді және әртүрлі іс-шаралар, жобалар мен кездесулер ұйымдастырады. Мұның бәрі кәсіби қызметке дайын маманды шығару мақсатын көздейді.

Осыған байланысты, кез келген болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу үдерісі, Ф.Н. Жумабекованың пікірінше, кәсіби білімнің, біліктің және іс-әрекеттің қалыптасуын, ұстаздың жалпы мәдени дамуын, өзінің көзқарасының және тұлғалық кәсіби құнды қасиеттердің қалыптасуын қамтиды [2, 4 б.].

Ал тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның қасиетін Ш. Таубаева «құзыреттілік» деп тұжырымдайды [3, 57 б.].

Ж.Ы. Намазбаева кәсіби құзыреттілікті жеке оқу іс-әрекетінің кіріктірілген нәтижесі ретінде олардың мағыналық (теориялық), процессуалдық (практикалық) және мотивациялық компоненттерді меңгеру негізінде қалыптасады деп анықтайды. Бұл білім, білік және дағдылар ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапкершілікте көріне алатын оқушының немесе студенттің оқу процесіне деген көзқарасы, оқу іс-әрекетінде оң игерген нәрселерді бекітуге ұмтылу, өзінің білімге деген талаптарының өсуін білдіреді, сонымен қатар жетістіктері, педагогикалық процестің тиімділігінің ең маңызды критерийлері ретінде қарастыруға негіз бола алады [4, 9 б.].

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Р.К. Төлеубекова кәсіби құзыреттілік деп студенттің функционалды сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады деп айқындайды. Яғни студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, орта мен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтаған ғана кәсіби құзыретті маман бола алатындығын бөліп көрсетеді [5, 430 б.].

К.В. Шапошников «кәсіби құзыреттілік» категориясын маманның кәсіби қызметті жүзеге асыруда тиімді шешімдер қабылдауға дайындығы мен қабілеті деп түсінеді. Оның пікірінше кәсіби құзыреттілік тұтастай алғанда интеграцияланған білім, білік және тәжірибе жиынтығымен, сондай-ақ адамға сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу кезінде кәсіби қызметті тиімді жобалауға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке қасиеттермен сипатталады [6, 12 б.].

Ағылшын ғалымдары құзыреттіліктерді стандарттарды жобалаудың құрылымы ретінде қарастыра отырып, құрамында іс-әрекет критерийлерін (сапаның өлшемі), қолдану аясын, қажетті білімді қамтитын «құзыреттілік элементтері» болып табылады. Көптеген ғалымдар құзыреттілікті адамға заманауи жұмыс жағдайында еңбек қызметін орындауға мүмкіндік беретін біліммен, қабілеттермен және көзқарастарымен (Швеция), әріптестермен және кәсіби тұлғааралық ортамен дамыған ынтымақтастықпен (Германия), сонымен бірге жұмыс орнының талаптарына сәйкес кәсіби қызметпен (Испания) байланыстырады.

Қазіргі кезде кез келген білім беру мекемесінде үлкен сұранысқа ие, сондай-ақ кәсіп иесінің өзінен үлкен жауапкершілікті, сәйкес жоғары деңгейдегі кәсіби құзыреттілікті талап ететін мамандық – бұл педагог-психолог мамандығы.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі оқу процесінде қалыптасады. Онда ол белгілі бір білім, білік, дағды мен құзыреттіліктерді меңгереді. Мұның бәрі әртүрлі деңгейдегі нормативтік құжаттарда көрсетілген талаптарды кәсіби деңгейде орындауға ықпал етеді.

Айтап өтсек, біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайына қойылатын талаптарды анықтау үшін елімізде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Жоғарғы білім МЖББС, педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары сияқты нормативтік құжаттарымен қатар, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Педагог» кәсіби стандарты қабылданды. Бұнда педагогтың еңбек функциялары, сонымен қатар қажетті білімдер, дағдылары мен біліктіліктері, педагог-психологтың міндеттері егжей-тегжейлі сипатталған.

Жалпы маманды дайындау мен оқыту мазмұнының маңызды элементін жіберіп алмау үшін еңбек процесі оның құрылымы тұрғысынан талданады. Еңбекті талдау негізінде маман құзыреттілігі жүйесі (біліктілік деңгейіне сәйкес) және еңбек жағдайына қойылатын талаптар арқылы ашылатын кәсіп үлгісі – кәсіби стандарт қалыптасады [3, 61 б.].

Кәсіби стандарт Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне және құзыреттілікке, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын құжат болып табылады.

Кәсіби стандарт білім бағдарламалары мен педагогикалық мамандықтардың модульдерін әзірлеу, педагогтарды сертификаттау үшін бағалау материалдарын дайындау және біліктілік деңгейлерінің критерийлерін әзірлеу кезеңінде негіз болып табылады [7].

«Педагог» кәсіби стандарты педагог-психологтың еңбек қызметін айқындайды. Осы құжатқа сәйкес педагогтарға бес еңбек қызметі белгіленген: 1) оқыту; 2) тәрбиелеу; 3) әдістемелік; 4) зерттеушілік; 5) әлеуметтік коммуникативтік. Кәсіби стандартта «іскерлік пен дағдылар» көрсеткішінде дербестік дәрежесі көрсетілген; «тұлғалық және кәсіби құзыреттілік» көрсеткішінде жауапкершілік дәрежесі көрсетілген; «білім» көрсеткішінде педагог мамандығының күрделілік дәрежесі көрсетілген.

Сонымен қатар, болашақ педагог-психолог мамандары білім алатын Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде бакалаврларды даярлауға арналған 6В01103 «Педагогика және психология» бағыты бойынша білім беру бағдарламасы келесі кәсіби қызмет функцияларын жүзеге асыруды көздейді:

- оқытушылық: кәсіби және техникалық білім беру ұйымдарында оқытушылық қызметін жүзеге асыруға,

- диагностикалық-кеңес беру: мектепке дейінгі, орта білім беру жүйесінде, арнайы түзету ұйымдарында диагностикалық-сауықтыру шараларын өткізу;

- түзету-дамыту: білім беру үдерісіндегі субъектілерді педагогикалық-психологиялық қолдау [8].

Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұнындағы жалпы білім беретін пәндер циклінің басым бөлігін ЖОО дербес анықтайды, өйткені олар еңбек нарығының қажеттілігін, жұмыс берушілердің күтуін және білім алушылардың жеке мүдделерін ескереді.

Осы орайда, нормативтік құжаттарда анықталған маманның кәсіби құзыреттері мен біліктілік талаптарын қазіргі еңбек нарығының сұранысы ретінде қарастыруға болады.

Дегенмен, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында атап өткендей, «...жаһандық өзгерістер жағдайында түлек еңбек нарығына келгенше алған білімі ескіріп қалуы әбден мүмкін. ... жалпы, қазақстандық білім мен ғылымның алдында ауқымды, кезек күттірмейтін міндет – жаңа тенденцияларға ілесіп қана қоймай, бір қадам алға жүру, тенденцияларды тудыру міндеті тұр» [9]. Яғни, кәсіптік білім қазіргі еңбек нарығының сұранысына көзсіз еріп кетпеуі керек, ол озық қажеттілік формуласымен дамуы керек.

Көптеген елдерде педагогикалық білім беру ұйымы педагогтардың мәртебесі туралы Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) және ЮНЕСКО-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мамандандырылған мекемесі) ұсынымдарына негізделеді.

Педагогикалық білім беру мен қолданыстағы тәжірибені талдау туралы ғылыми идеялардың арақатынасы негізінде халықаралық ұйымдар өз ұсыныстарын халықаралық зерттеулер арқылы толықтырады (TEDS - болашақ математика мұғалімдерін даярлау сапасын бағалау жөніндегі халықаралық зерттеу және TALIS - оқыту және оқыту жүйелерін халықаралық зерттеу).

Педагогикалық білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру кезінде осы халықаралық ұсынымдарды білім беру сапасы бойынша көшбасшы болуға ұмтылатын елдер басшылыққа алады. Соңғы жылдары білім беру сапасының жоғары көрсеткіштері бар елдерде педагогикалық білім беруді жүзеге асыруды ұйымдастыруда тұрақты тенденциялар қалыптасты.

Көптеген авторлардың еңбектерін талдай отырып, әлемдегі педагогикалық білім беруді ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы маңызды тенденцияның бірі қазіргі заман педагогының біліктілігін анықтауда құзыреттілік тәсіліне жүгіну болып табылады. Осыған байланысты бірқатар елдерде қабылданған педагог өз біліктілік шеңберіне сәйкес мынадай құзыреттерге ие болуы тиіс: салалық (білім беру мекемесіндегі тәжірибесі), зерттеу, оқу, үздіксіз білім алу, әлеуметтік-мәдени, эмоционалды, коммуникациялық, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және экологиялық салалардағы құзыреттер [10, 86 б.].

Educause Horizon (2021 EDUCAUSE Horizon Report, Teaching and Learning Edition) соңғы есебінде жоғары білім берудегі алты жаңа трендтер жинақталып айқындалған: цифрлық алшақтықты кеңейту; гибридті оқытуды кеңінен қолдану; жаңа дағдыларға сұраныс; тұрақты дамуға және қаржыландыруды қысқарту. Негізінен Educause Horizon есебі оқыту, білім беру және ақпараттық қауіпсіздік сияқты салалардағы жоғары білімнің болашағына әсер ететін жаңа технологиялар мен тенденцияларды анықтауға бағытталған [11].

Кейбір авторлар педагогикалық білім беруді дамытудың негізгі трендтерін қарастыра отырып, келесі түрлерді ажыратады: үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін

калыптастыру; цифрлық педагогиканы дамыту: электрондық оқыту және электрондық білім беру ортасы; білім беру процесінде тәжірибеге бағдарлануға және білім беруді дербестендіруге сүйену; STEAM-білім беруді дамыту және ашықтық, икемділік, масштабталу принциптерін ескере отырып, білім беру экожүйесін қалыптастыру.

Білім берудегі жаңа трендтер, білім парадигмасынан құзыреттілікке көшу білім беру қызметін ұйымдастыру және мазмұны тұрғысынан өзгерістерді талап етеді.

Қазіргі заманғы педагог біліктілігін анықтауда құзыреттілік тәсілге жүгіну, нарықтық экономика жағдайында өмір сүру және қызмет ету үшін түлектерді даярлау сапасын арттыру, болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру құзыреттілік парадигмасының негізгі талаптары болып табылады.

Қазіргі заманғы педагогтың құзыретіне ұсынылатын талаптар оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру және OECD (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) елдерінің үздік практикаларына жақындату үшін білім және ғылым жүйесін дамытуға бағытталған.

Педагогикалық білім беруді ұйымдастырудың мазмұны мен нысандарын жаңартудың жетекші әлемдік тәжірибесіне жүгіну болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру саласындағы үрдістерді ашуға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген.

2. Жумабекова Ф.Н. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды мәселелері / Ф.Н. Жумабекова, М.Н. Нургазиева // М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті хабаршысы: ғылыми журнал. - Орал-Уральск, 2017. - № 2. - Б. 3-10.

3. Таубаева Ш.Т. Компетентностный подход к методологической подготовке докторантов в системе послевузовского военно-педагогического образования. Проблемы и перспективы реализации компетентностного подхода в современной образовательной системе. Часть 1. – Алматы: РИО Академии КНБ РК, 2014 г. –284 стр.

4. Намазбаева Ж.И., Жигитбекова Б.Д. Психологическая наука как основа успешности компетентностного подхода в образовании.//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Психология» сериясы, №4(61), 2019

5. Төлеубекова Р.К. ЖОО-да болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері / Р.К. Төлеубекова, А.К. Аманова // ЕҰУ хабаршысы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы: ғылыми журналы. - 2016. - 2-бөлім, № 3 (112). - Б. 428-434.

6. Шапошников К.В. Контекстный подход в процессе формирования профессиональной компетентности будущих лингвистов-переводчиков. Автореферат дис. ...канд. пед. наук. – Йошкар-Ола. - 2006.

7. «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша Педагогтің кәсіби стандарты.

8. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен 2019 жылы бекітілген 6В01103 - «Педагогика және психология» (бакалавриат) білім беру бағдарламасы.

9. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» (Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 1 қыркүйек).

10. Тагунова И.А., Долгая О.И. Тенденции в организации педагогического образования в странах — лидерах по качеству образования // Отечественная и зарубежная педагогика. 2021. №5. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/tendentsii-v-organizatsii-pedagogicheskogo-obrazovaniya-v-stranah-liderah-po-kachestvu-obrazovaniya>

11. Kathe Pelletier, Malcolm Brown, D. Christopher Brooks, Mark McCormack, Jamie Reeves, and Nichole Arbino, with Aras Bozkurt, Steven Crawford, Laura Czerniewicz, Rob Gibson, Katie Linder, Jon Mason, and Victoria Mondelli, 2021 EDUCAUSE Horizon Report, Teaching and Learning Edition (Boulder, CO: EDUCAUSE, 2021) <https://library.educause.edu/-/media/files/library/2021/4/2021hrteachinglearning.pdf?la=en&hash=C9DEC12398593F297CC634409DFF4B8C5A60B36E>

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Тоқтасынова Назерке Тоқтасынқызы

Магистрант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

nazerke.toktasinova00@gmail.com

Аннотация. Білім берудің цифрлық жүйеге ауысуы болашақ педагог-психологтердің бойынан зияткерлік, ақпараттық және қарым-қатынастық салалардағы өзекті құзыреттіліктерді дамытуды көздейді. Мақалада біздің елімізге де мемлекеттік саясатты жүргізудің басты даму жоспарына цифрландыруды қажеттілігі туралы көрсетіледі. Мақала тақырыбы бойынша бірнеше еңбектер сараптауға салынып, талдау жасаудың нәтижесінде цифрлық сауаттылықты жетілдірудің өзектілігі анықталды. «Цифрлық сауаттылық» түсінігіне жетекші анықтамалар беріліп, ХХІ ғасырда сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық, мәселелерді шешу қабілетімен қатар табысқа жету үшін қажетті ең маңызды дағды болып табылады деген қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: цифрлық сауаттылық, интернет, медиа сауаттылық, цифрлық құзыреттілік, медиа және ақпараттық сауаттылық

Annotation. The transition to a digital education system involves the development of key competencies in the field of intelligence, information and communication among future educational psychologists. The article emphasizes the need for our country to digitize the main plan for the development of state policy. Several works on the topic of the article were analyzed, and the analysis revealed the relevance of increasing digital literacy. The leading definitions of the concept of "digital literacy" are made that in the 21st century, along with the ability to think critically, communicate, collaborate, solve problems, is the most important skill for success.

Key words: digital literacy, internet, media literacy, digital competence, media and information literacy

Қазіргі замандағы цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және оларды кеңінен қолдану әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа сатысы болып табылады. «Цифрлық сауаттылық» ұғымын алғаш рет 1997 жылы енгізген американдық жазушы және журналист Пол Гилстердің анықтамасында: «Цифрлықсауаттылық – компьютерді пайдалана отырып, алуан түрлі форматта және кең ауқымды көздерде ұсынылған ақпаратты түсіну және пайдалану қабілеті» [1].

Цифрлық сауаттылықты жетілдіру, цифрлық трансформация, білім беруді цифрландыру А.Ю. Уварова, И.Д. Фрумина, А. И. Матвеева, А.П.Новгородцева, Д. Мошелла, Дж. Уиллей, Е.И.Рогов, В. Лавров, Н. Горелов және т.б. еңбектерінде сипатталады.

Білім беру жүйесін цифрландыру - үйреншікті оқулықтардың цифрлық көшірмесін жасаумен, құжат айналымын цифрлаумен және барлық білім беру орындарында жоғары жылдамдықты Интернетке қол жеткізуді ұсынумен шектеле алмайды. Цифрлық экономика білім беру жүйесінен жекелеген үдерістерді «цифрландыруды» ғана емес, жаңа мақсаттар қоятын, білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнын өзгертетін кешенді білім беру тәсілді талап етеді. Ақпараттық қоғамды дамыту стратегиясын жүзеге асыру мақсатында 2017 жылы